"Қызметтің жеке түрлері бойынша біржолғы талондардың бағасы туралы" Шал ақын ауданы мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 20/9 шешіміне өзгертулер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2011 жылғы 1 тамыздағы N 40/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 7 қыркүйекте N 13-14-135 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 11/10 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 2012.12.20 N 11/10 Шешімімен

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 21-бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. «Қызметтің жеке түрлері бойынша біржолғы талондардың бағасы туралы» Шал ақын ауданы мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 20/9 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 1 ақпанда 13-14-92 нөмірімен тіркелді, аудандық «Парыз» газетінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 8, «Новатор» газетінің 2010 жылғы 12 ақпандағы 8 нөмірінде жарияланған) келесі өзгертулер енгізілсін:

«Эпизодтық сипаттағы қызметтің жеке тұлғалары үшін біржолғы талонның құны туралы» қосымшасы жаңа басылымда баяндалсын (қосымшаға сәйкес).

2. Осы шешім 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың XL сессиясының төрағасы Д. Садықов*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы Н. Дятлов*

*«Келісілді»*

*Шал ақын ауданы бойынша салық басқармасының бастығы Ш.С. Әлмұрзин*

*2011 жылғы 1 тамыз*

Шал ақын ауданы мәслихатының 2011 жылғы 1 тамыздағы XL сессиясының № 40/4 шешіміне қосымша

Шал ақын ауданы мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы XX сессиясының № 20/9 шешіміне қосымша

## Эпизодтық сипаттағы қызметтің жеке тұлғалары үшін біржолғы талонның құны туралы

| № | Қызмет түрлерінің тізімі | Бір күнге біржолғы талондардың бағасы (теңгемен) |
|---|---|---|
| 1 | (Тұрақты орында жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):<br>1) бал<br>2) сүт және сүт өнімдерін<br>3) ет және ет өнімдерін<br>4) саңырауқұлақ, жеміс-жидек, қосалқы шаруашылық, бағбаншылық және бақшашылық өнімдерін<br>5) балық<br>6) көкөністер мен жидектер, бау-бақша дақылдарын<br>7) өнеркәсіп тауарларын сату | 200<br>40<br>400<br>75<br><br>230<br>300<br><br>280 |
| 2 | Үй жануарларын (бір бас):<br>1) ірі қара мал (сиыр)<br>2) жылқы бағу | <br>2<br>2 |
| 3 | Бау-бақшаларды жырту | 150 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК